

# МҰРАТБАЕВ NEWS



ТӘУЕЛСІЗДІК —  
ТЕҢДІГІМІЗ,  
ЕГЕМЕНДІК —  
ЕЛДІГІМІЗ!

## "BAIZAK DEBATE CHAMPIONSHIP -2022"

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай Байзақ ауданы білім беру мекемелері арасында ұйымдастырылған аудандық "Baizak Debate Championship -2022" пікірсайыс Чемпионатының қорытындысына сәйкес 2022 жылдың Байзақ аудандық Жоғарғы Лига ойындарында:  
2 орын Каржауова Аяулым.  
Премьер Лига ойындарында:  
1 орын Орынбасар Ақерке және Егемберді Нұршат.  
Орта Лига ойындарында:  
"Үздік талпыныс" номинациясымен Құдайберген Мейрамбек және Әбдіжәділ Нұрәділ марапатталды.  
Жетекші: Менлибеков Арман Нуржанович.

## МУҒАЛІМДЕРІМІЗДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

13 желтоқсан күні қазақ тілі мен әде-биеті пәнінің мұғалімдері арасында өткен І облыстық «Сөз мергені» топтық пән олимпиадасынан Байзақ ауданы білім бөліміне қарасты Ғ.Мұратбаев атындағы гимназиясының мұғалімдері Трусбаева Еңлік пен Жұмағұлова Гүлжайнар қатысып жүлделі 3 орынды иеленіп қайтты. Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!

*Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар атанған әріптестеріміздің алдағы уақытта алар асуы көп болсын дейміз!*

Ағымдағы жылдың 7-9 желтоқсан күндері Шу қаласында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы мен облыстық ғылыми практикалық орталықтың ұйымдастыруымен өткізілген облыстық "Үздік дене шынықтыру пәні мұғалімі -2022" байқауында Байзақ ауданы намысын абыроймен қорғап, жүлдері ІІІ орын алған дене шынықтыру пәні мұғалімі Абдукаймова Айгүл Муталиповнаны шын жүректен құттықтаймыз! Жарыста облыстың әр ауданынан сайдың тасындай іріктелген 12 қатысушы бақ сынаған.





## ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР БОЙЫНША РЕСПУБЛИКАЛЫҚ 2-7 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН “ЗЕРДЕ” ЗЕРТТЕУ ЖОБАЛАР КОНКУРСЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ КЕЗЕҢІНЕ ҚТКЕН ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ:

Орыс тілі секциясы бойынша:

Тургынбай Арсен - II орын

Жетекшісі: Нурбаева Дина Досетовна

Ағылшын тілі секциясы бойынша:

Рустамқұл Жібек - III орын.

Жетекшісі: Нагашыбаева Гаухар Кубековна

Экология секциясы бойынша:

Меңлібек Ескендір - III орын.

Жетекшісі: Диханбаева Жанаркул

Шабденбековна

Технология секциясы бойынша:

Мұратбек Алдияр - III орын.

Жетекшісі: Байдешова Фарида Нышымқызы

Биология, химия секциясы бойынша:

Тұрсынбай Ерден - грамота

Жетекшісі: Сейтханова Салима Дихановна

Осылай әр жарыстан нәтижелі қайту біздің айқын мақсатымыз!!! Жеңістеріңіз құтты болсын!!!




## ЧЕМПИОНМЕН КЕЗДЕСУ

Гимназиямыздың қабырғасында бокстан Азия чемпионы, екі дүркін Қазақстан чемпионы (2014, 2017) және екі дүркін вице-чемпионы (2013, 2018), Дүниежүзілік бокс сериясының екі дүркін чемпионы (WSB) 2015, 2017) жерлесіміз Асланбек Шымбергеновпен кездесу өтті.

Кездесу барысында қазақтың батыр ұлы Асланбек гимназия оқушыларына өзінің жеңіске жету жолындағы қиындықтарды жеңуі мен табандылығының сырларымен бөлісті.

Сондай-ақ чемпион оқушыларға өмірлік ақылын айтып, оқуға деген құштарлыққа шақырды.

Оқушылар кездесуден оң серпіліс алып, батыр ағасына ұқсағысы келетінін білдіріп, жылы лебіздер айтылды. Кездесу соңында батырмен естелік суретке түсіріліп, гимназиямызға естелік жазба қалдырды.





# ГИМНАЗИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ СЫНАМАСЫ



14 желтоқсаннан бастап гимназиямызда білім беру стандартын орындау, білім сапасын арттыруға және оның тұрақты өсу динамикасын қалыптастыру, сыртқы бақылау сынақтарына дайындау мақсатымен 3-10 сынып аралығында «Гимназиялық бақылау сынамасы» тестілеуі өткізілуде. Сынақ «Білім берудің цифрлық трансформациясы» тәжірибелік алаңының қызметкерлері мен директордың оқу ісі жөніндегі орыбасарларының бақылауымен жүргізілуде.

Биылғы оқу жылындағы ГБС өткізілу ерекшелігі тестілеу онлайн форматта ұйымдастырылып, қызмет түрлері толық автоматтандырылды. Алдағы уақытта оқушыларды сынама тестілеуге дайындау мақсатында білім тренажерлері мен мобильді қосымшасын әзірлеу жоспарлануда.



# «Оқуға құштар мектеп» рубрикасы

«... Алаштан асып туған сымбаттым-ай,

Базардың пұлы жетпес қымбаттым-ай.

Арманым бұл жалғанда болмас еді,

Күн болса қосатұғын саған құдай...»

Ой, алдай, қызық заман екен-ау, ә...

Шұғаның әке-шешесінің бір артық жері, он алтыға келгенше Шұғаны күйеуге бермейді. Осы күні байлар, қызы шырылдап жерге түсісімен біреудің малын алады ғой... Уақытында талай мырзалар айттырды, бәріне де нәсіп болмады. Ат жетер жердегі бай балалары мүлде түңіліп болды. «Есімбек қызының бағын байлады. Енді бұған тәуір күйеу кездеспейді» деп жұрт өсек қылып та жүрді. Ол әшейін бір сөз ғой, құдайдың жазуынан артық не болмақ...

Артынан есіттік, Есімбектің бермеудегі мәнісі, өзі жас кезінде Қали дейтін құрдасымен серт байласқан болса керек: «Бірімізден ұл, бірімізден қыз туса, екеуіміз құда болайық» деп.

Сол сертін күтеді екен ғой... Ия...

Қамысақтының басына түсіп, азырақ кідіріп ер-тоқымымызды дұрыстап ерттеп, тағы да жүріп кеттік. Қаракерді бір-екі бауырлап алып жолдасым тағы сөзге кірісті.



**Б.МАЙЛИН «ШҰҒАНЫҢ БЕЛГІСІ»**